

Бейсенов Б.К.

СОПЫЛЫҚ ЖЕНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ БАҒЫТЫ

Бейсенов Б.К.

СУФИЗМ И ЕГО НАПРАВЛЕНИЕ

Ислам діні мен мәдениеті адамзат қоғамына, өркениетіне жалпы адамзаттық құндылықтардың жүйесін берді. Ислам діні адамзат мәдениеттерін өзара сұхбатқа және діни төзімділікке шақырады.

Қазіргі уақытта сопылық туралы әр түрлі пікірлер бар. Сопылықтың ислам дініне оппозициялық сипатта қалыптасқандықтан қоғамға кері әсерін тигізеді деген, көзқараста болса, ал екінші біреулер сопылық – қазақ жеріндегі мұсылмандық дүниетанымның өзегі деген пікірде.

Ислам мәдениетіндегі сопылық құбылысын зерттеушілер оны мұсылмандық мистицизм (суфизм) деп атайды. Мұсылман әлемінде мұсылман ғалымдары мен сопылар арасында қарым-қатынастың күрделі болғандығы туралы тарихтан белгілі.

Сопылықтың негізгі ұғымдары-Таухид, Тәуекел, Шүкіршілік, Тәуба, сабырлық, амал-әрекет, пақыр, махаббат, ғашықтық, мағрифат (таным), талап және т.б. Сопылар Жаратушыны тану және жаратушыға деген махаббатқа жету жолында руханилық және ішкі тазалыққа мән береді. Сопылық ұғымы ислам аясындағы аскеттік және мистикалық ағымын көрсетеді. Орталық Азияда сопылық тариқаттары XII-XVII ғасырларда пайда болды. Иассауи тариқатының түркі халықтары арасында ислам дінінің таралуына өзіндік орны бар. Иассауи тариқатының негізінде-бекташия тариқаты пайда болды. Бекташия тариқаты қазіргі кезде Балқан аймағындағы мұсылман халықтары арасында әлі де сақталған. Сопылық XVIII ғасырда Солтүстік Кавказға дейін жетті. Сопылық – нәпсіні тежеп тәрбиелеу жолымен кемелдікке жету. Сопылық ілімінде жүрек адам болмысындағы маңызды орган. Сопылық-бұл тақуалық пен көркем мінезділікке тәрбиелейтін білім жолы. Қожа Ахмет Иассауи өз хикметтерінде сопылық жолының шарттары туралы былай дейді:

Шарттарын ұққан ғашық Шариғаттың,
Тариқат жалығын да білгір достар.
Ада қып бар жұмысын Тариқаттың,
Хақиқат дариясына сүңгір достар.

Шариғатсыз қадам қоймас Тариқатқа,
Тариқатсыз қадам қоймас Хақиқатқа,
Бұл жолдардың негізі бар Шариғатта,
Бәрін оның Шариғаттан білмек керек.

XII ғасырда өмір сүрген сопы шейхы, акын және философ Қожа Ахмет Иассауидің түркі тілінде жазылған «Диуани Хикмет» өлеңдер жинақтары, рисалдары, жергілікті халықтардың рухани мәдениеті мен дүниетанымына ықпал етті. «Диуани хикмет» түркі тілдес халықтарды ислам құндылықтары мен мұраттарына адал болуға шақырған рухани мұра. Сопылық ислам діні аясында мистикалық-аскеттік ағым ретінде қалыптасып, түркі және парсы тілдес халықтардың мәдениетінің өзіндік бір ерекшелігі ретінде көрінді. Орталық Азияда Нақышбандия, Қадария, Кубравия және Иассауи тариқаттары таралған. Ислам дініндегі «Тасаууф» (Сопылық) діни – мистикалық ағым. Ғалымдардың пікірінше «тасаууф» (сопылық) сөзінің түбірі «суфәтун», жүн, түк сөзінен шыққан. Себебі, сопылық жолын ұстанушы өзін Аллаһтың құзырына тасталған жүн тәрізді сезінеді дейді. Ал басқа пікір бойынша, «сыфатун» - қасиет деген сөзден тараған. Соны өз бойына адамзаттың асыл қасиеттерін жинаған адам десе, енді бір ғалымдар «тасаууф» сөзі – «сафа» - яғни тазалық сөзінен шығады деген пікірді ұстанады.

Сопылықтың қалыптасуы мен дамуы бірнеше кезеңдерді қамтиды.

Алғашқы кезең Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) және сахабалар мен табиғиндердің өмір сүрген кезеңі. Бұл кезеңде тасаууф (сопылық) ұғымы болмаған. Ислам дінінің мөлдір бұлағынан, Құран-Кәрім мен Аллаһ елшісінің сүннетінен негіз алған сахабалар мен табиғиндердің амалдары Аллаһты көріп тұрғандай шынайы беріліп құлшылық ету, дүниеге, байлыққа қызықпау болатын.

Мухаммед (с.ғ.с.) дүниеден озған соң кейінгі үш ғасырдан бастап ислам діні аясында ислам дінінің негізіне жат түрлі пікірлер мен философиялық көзқарастарды ұстанатын топтар қалыптасты.

Біртіндеп сопылық топтар күшейіп, түрлі тарихаттарға бөліне бастады. Кереметтер және ғажайып құбылыстарға деген көзқарастар көбейіп, сопыларды дәріптеу мен қастерлеу, дүниеден озған соң сопыларды әулие тұтып қастерлеу орын алды.

Сопыларды ислам дініне бидғат кіргізушілер және ширк жасаушылар деп санайтын топтар мен сопылар арасында дау-дамай шығып мұсылмандар арасында түсінісбеушілік тудырды. Жалпы сопылық туралы айтқанда, сунни таза сопылық және шынайы сопылықты бұрмалаушы зікіршілер ара жігін ашып алуымыз қажет.

Сопылық туралы пікір айтқанда, сопылық ұғымының мән – мағынасын толыққанды зерттеп қана, яғни біржақты көзқарасты ұстанбай, орта жолды негіздеу арқылы қарастырған жөн.

Сопылықты шынайы түрде Құран-Кәрім мен сүннет негізінде ұстану. Аллаһ Тағаланың бұйрықтары мен тыйымдарын бұлжытпай орындау шариғи заңдарды ұстану. Аскеттік (дүние мүлікке қызықпай) өмір салтын ұстану, о дүниенің қамын жеу, жаратушыны махаббатпен, ғашықтықпен сүйу, діни мәселелерді сабырлықпен,

сактықпен шешу, шүкіршілік ету, тәубе ету, адалдық, әділдік, дүниеге қызықпаушылық жолын таңдау, ихсан дәрежесіне жету. Аллаһтың әулие құлдары шариғат ілімін жетік меңгереді. Шариғи білімі таяз, надан адам Аллаһтың (әулие) досы бола алмайды.

Сахабалар мен табиғиндер ұстанған сопылық жолы ислам шариғаты үкімдеріне орындау және өмір салтын ұстану жолы.

Аллаһ елшісінің жанына паналаған үйсіз-күйсіз сахабалар «Әһлу – Суффә» деп аталады. Уақытында саяси билік үшін тартыс кезінде тақуа кісілер саяси тартысқа араласпай, дүниелік істерге араласпай оқшау тыныш өмірді таңдады.

Сопылық діннен жеңіл жол іздеу, парыздарға (намаз, ораза) немқұрайлы қарау, дүниелік мақсаттар үшін топ құру емес.

Сопылық ұстанымы – Аллаһты үнемі еске алу, нәпсімен күрес, ғибадатты ықыласпен орындау, ыждаһаттылық және сабырлықпен амал ету.

Сопылық тарихын зерттеушілердің пікірінше, сопылық IX-X ғасырларда пайда болған. Ислам дінінің өзіндік төл тума мәдениеті терең тарих қойнауынан нәр алатын халықтар мекендеген аймақтарға таралуы сол жергілікті халықтардың салт – дәстүрі, исламға дейінгі наным – сенімдері және дүниетанымдық ұстанымдары ислам мәдениетімен етене сіңісіп кетті. Сопылық ілімінің қалыптасуына иудаизмдегі Каббала ілімі, буддизмдегі «Нирвана» (нәпсі құмарлықтарының өшуі), гректік неоплатонизм ілімі, бақсылық психотехникасы, христиандық аскетизм (монахтық өмір салты); шиитік ағымның ұстанымдары (мәһди – мәді) ұғымы ықпал – әсерін тигізген. Сопылық орталық Азияда, Солтүстік Кавказда, Түркия елдерінде таралғаны белгілі жайт.

Қазақ топырағында Қожа Ахмет Иассауи ілімінің Түркі халықтарының арасында ислам діні мен мәдениетінің таралуындағы өзіндік орны болды. Иассауи тариқатында «Жария зікір» - дауыстап зікір салу дәстүрі болған. Қожа Ахмет Иассауи көз жұмған соң иассауи тариқаты бірнеше ғасырдан соң жойылған. Ал XV ғасырда Иассауи тариқатының орнын басқан Мухаммед Баһауидин Нақшбанди сопылар үшін «жария зікір» жасауға тыйым салған. Нақшбанди тариқатының ұстанымы зікірді іштей айту. Орталық Азия халықтары арасында нақшбандия тариқаты, солтүстік Кавказ халықтары арасында – қадария тариқаты кеңінен таралды. Сопылық ілімінің негізгі тіректері: шариғат, тариқат, мағрифат, ақиқат. Шынайы сопы осы жолдардан өтуі тиіс.

Елімізде 1990 жылдардың соңына қарай өздерін «иассауишілер, немесе сопылар», ал былайғы жұрт зікіршілер деп атайтын топ пайда болды. Рухани ұстаздары Пәкістандық Исмадулла Максум. Оның 1997 жылы Алматының жанындағы Қарасу мешітіне келіп, мүридтер (шәкірттер) дайындай бастайды. Исмадулланы мүридтері пір

«таксыр» деп атайды. Шәкірттер арнайы қырық күнге созылатын оқудан (шілханадан) өтеді. Шілханадағы оқу тәртібі қатал және мүридтер мейлінше оқшау жағдайда, яғни пірдің рұқсатынсыз бөгде адамдармен сөйлесуге, шілханадан шығуға, күнделікті баспасөзді, кітап оқуға, тиым салынады. Пірдің жетекшілігімен алқа топпен зікір салады.

Зікіршілердің зікірі «алқа зікірі» және «ара зікір» деп екіге бөлінеді. Екі «үш сағатқа созылатын зікір» салу психотехника мен әдісі белгілі бір сөздерді айқайлап айтып, бастарын бұлғақтатып, селкілдеп отырады және белгілі бір ырғақпен билейді.

Дәрігер М. Сәрсенбаевтың пікірінше, қазақстандық сопылардың зікірі гипноз, яғни гипноз адамды транс күйіне түсіреді. Гипноз эндоморфинді шығарады, бірнеше рет трансқа түскен адам зікір салуға мұқтаж халге душар болады. Сол себептен мүридті бұл халден шығаратын тек бір ғана Транс күйіндегі мүрид пірдің кез келген бұйрығын орындайды. «зікір» салудың психотехникасы мен әдісінің қауіпті тұсы осында.

Құран-Кәрімде зікір ұғымының мәні – еске алу, яғни Аллаһты намаз, ораза, тәубе, ғибадат, дұға арқылы еске алу.

Құран-Кәрімде: Негізінде бұл Құран әлемдерге зікір – насихаттан басқа нәрсе емес. «Қалам» сүресі, «Аллаһ сендерге бір зікір (Құран) түсірді» «Талақ» сүресі, 10 – аят.

Зікіршілер үгіт – насихаттарында халық ауыз әдебиетін, аңыздары мен ұлтымыздың ардақты тұлғаларын Абай, Шәкәрім шығармаларының әр жерінен алып өз мақсаттарына пайдаланады. «Сопылар» ұлттық идея, ұлттық дүниетаным, ұлт руханияты туралы көзқарастары арқылы өздерінің қатарына білімді, білікті жастарды тартты.

«Сопылар» өздерінің идеологиялық жұмысын «Сенім. Білім. Өмір» қоғамдық бірлестігі негізінде жүргізеді. Кезінде «сопылардың» идеологиялық насихатының ошағы «Қазақстан» телерадио корпорациясы және облыстық филиалдарындағы «Қазақ» радиосындағы бірқатар хабарлар болды.

«Сопылардың» діни ұстанымдарын насихаттайтын бірнеше дүниетанымдық және тағылымдық пікірталас клубтары ашылып, жұмыс жасады.

Алматы, Семей, Ақтау қалаларында «сопылардың» үгіт – насихаттары арқасында дүниетанымдық және діни көзқарастарын таратудың жемісі болды. «Сопылар» тобын зерттеуші О. Әлімбаев, олар Алматыда, Семей өңірінде, Түркістан маңында жамағат деңгейінен асқан. Ал Маңғыстауда «сопылар» «Шухрат» деңгейінен астық», - деп санайтындықтарын атап көрсеткен.

«Сопылардың» өз қатарына жоғары оқу орындарының студенттерін тартуы – болашақта ұлтымыздың діни бірлігі мен ынтымағына кері әсерін тигізуі мүмкін. Дінтанушы М. Меңлібеков

«Кезінде Бағдатта саяси билікке келген сопылық ордендердің сұхбат – жамағат – шухрат – опат тактикасын қолданғанын айтады. Сұхбат – адамдарды тарту, жамағат – қауымға ұйысу, шухрат – атакты болу, ықпал ету, опат – «жамағат» еместерді өз қатарына қосу.

«Сопылар» ұстаздары Исмадулла Мақсұмның «Жария зікірдің дәлелі», «Құран сырларының әліппесі» атты кітаптарын мақтап жарнамалап баспасөз мәслихатын өткізген.

Бұқаралық ақпарат құралдарында «зікіршілер» («иассаушылар») төңірегінде бір қатар мақалалар жарық көрді. «Зікіршілер» ұстанымының ислам негіздеріне қайшы келетіндігі туралы ҚМДБ-ның ресми түрде жарияланған пәтуасы жарияланды. Бұл пәтуа бойынша жария зікір мұсылман дініне жат, бидғат деген анықтама берілген.

Елімізде дінаралық келісім мен татулық, рухани қауіпсіздік, халықтың бірлігі мен ынтымағы елдің бейбіт дамуының негіздерінің бірі. Қазіргі уақытта елімізде 4000 – нан аса діни бірлестік тіркелген. Осы діни бірлестіктерге дінтанушылық сараптама және ғылыми талдау жасайтын білікті дінтанушылар қажет. Түрлі сектанттық топтардың адам санасы мен дүниетанымына, жанұяға, қоғамға тигізер залалын БАҚ арқылы үнемі жариялауды кешенді түрде өткізу керек.

Дінтанушылар Исмадулла Мақсұмның «Құран сырларының әліппесі» атты кітабы исламға және қазіргі ғылым жетістіктеріне қарама-қайшы тұстары бар екендігін баспасөз беттерінде жариялады.

1999 жылы құқық қорғау органдары Қарасу мешіті жанындағы «медресені» жауып, «сопылардың» ұстазы Исмадулланы Қазақстан заңдарын бұзғаны үшін елден аластады.

Сопылардың дүниетанымдық ұстанымдары мен діни көзқарастары «Үш қиян» газетінде жарияланып тұрады.

Сопылардың қаржылай және рухани тұрғыдан дем беруші қандай мүдделі топтар тұрғаны туралы тап басып айту қиын. Бұл жерде саяси немесе діни мақсат-мүдде болуы мүмкін. Менің пайымдауымша, кейбір топтар «сопыларды» өз мақсаттарына жету үшін «құрал» ретінде пайдалануы мүмкін. «Зікіршілердің» студент жастарды өз қатарына қосу үшін отырған іс-әрекеттерін үнемі бақылауда ұстау ұлт бірлігі мен діни ынтымағы, үшін ұлт болып ұйысуымыздың жолына қызмет етпек.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев облыстар мен өңірлердегі өкіл имамдарымен кездескен жиында: «Әсіресе, жастармен жұмысқа ерекше назар салу керек. Бізде ислам діни өкілдерінің жастармен араласып-құраласып жатқаны сирек кездеседі. Әлемдегі беделді діни оқу орындарын тәмәмдаған жас имамдар мен дінтанушылар жастар арасында да жиі болып, оларды ислам дінінің ізгілік пен адамгершілік рухтағы тәлім – тәрбиесіне тарта білгені жөн», - деп атап көрсетті.

Ислам дінінің ізгілік, мейірімділік, жомарттық, әділеттік, өзара көмек беру, достық, қайырымдылық діни төзімділік сынды құндылықтары конфессияаралық төзімділікті дамыту үшін және жаһандану заманында еліміздің экономикалық және әлеуметтік, рухани өрлеуі үшін жасампаз бастау. Халқымыздың ынтымағы және ұлттық құндылықтар, татулық, сыйластық, түсіністік қағидаттары елдің тыныштығы мен жарқын болашағымыздың кепілі.

Ислам діні – қазақстан халықтарын, ең алдымен қазақ халқын біріктіруші дүниетанымдық және рухани тұғыр.

Әдебиеттер

1. Қасен Ғақыпұлы. Жалғаннан жарнама жасаған //Кітап әлемі. «Қазақ әдебиетінің» қосымшасы №7 18.11.2005
2. Ораз Әлімбеков. Иассауи атын жамылған «сопы- зікіршілердің» зобалаңы //Ислам және өркениет. №6 маусым 2005ж
3. Ораз Әлімбеков. Сопылық синдромы // Шапағат – нұр №9-2005
4. Р.Д. стамова (Қырғызыстан). Особенности религиозной ситуации и место исламского мистицизма (суфизма) в Кыргызстане. //Суфизм в Иране 221. И центральной Азии. Материалы международной конференции 2-3 мая.2006. Алматы.

Глоссарий

Ихсан - жақсылық
 Фитна – бүліншілік, қателесу
 Хаслат – Сипат
 Халлақ – Жаратушы
 Мағрифат – тану, білу
 Тарикат – діни ағым, дін жолы
 Жамиғат – жиын, ұйым
 Тағриф – түсіндіру, анықтау
 Мағрифатулла – Аллаһты тану, білу
 Тәслим – берілу, сену
 Кәмәләт – жетілу, толығу
 Инсаният – адамгершілік, адамзат
 Ишарат – нұсқау, көрсету
 Батин – ішкі, көрінбейтін
 Ирад – тілек, мақсат, қалау
 Нағиф – пайдалы, өнегелі іс
 Ниғмет – жақсы өмір, байлық, Аллаһтың берген рахметі
 Тәркі дүние- дүниеден безген

Рецензент: д.филос.н., профессор Ачылова Р.А.